

Жоспар

Кіріспе

Негізгі бөлім

1) Қаржының мәні, функциялары және рөлі

1.1 Қаржы ұғымы, оның мәні және қажеттігі

1.2 Қаржының функциялары және рөлі

2) Қазақстан Республикасының қаржы жүйесі

2.1 Қаржы жүйесі мен құрылымының ұғымы,

сфералары мен буындары

2.2 Қаржы жүйесін ұйымдастырудың қағидалары

3) Қорытынды

Қолданылған әдебиеттер

Кіріспе

"Қаржы" пәні арқылы қоғамның өндірістік қатынастарының бір бөлігі ретінде қаржы қатынастарының бір бөлігі ретінде қаржы қатынастарының ерекшеліктерін, олардың шаруашылық және шаруашылықтан тыс өмірдегі көріністері мен пайдаланылу механизмін оқып-үйретеді. Қаржы туралы ғылымның зерттейтіні қоғамдық өнімді бөлуге және содан келіп туындайтын ақша түріндегі ирланулардың табыстардың және ирлардың қалыптасуына, олардың ұлғаймалы ұдайы өндірісті кеңейту мақсаттары және қоғаммен оның әлеуметтік, кәсіптік топтарының, сондай-ақ жекелеген мүшелерінің мүдделерін, қажеттерін қанағаттандыру үшін пайдалануға байланысты.

Елімізде жүргізіліп жатқан экономикалық реформалардың тереңдей түсуі қаржы жөніндегі біздің ұлғайымызға, қаржыны басқаруға, мемлекеттің қаржы жүйесінің құрылымына әсер етпей қойған жоқ. Нарықтық қатынастың құрылымында да, мемлекет тарапынан оларды реттеу механизміне де қаржы зор рөл атқарды. Қаржы нарықтық қатынастың құралы бөлігі және мемлекеттік саясатты жүзеге асырудың құралы. Осыған орай қаржының әлеуметтік-экономикалық мәнін түсіне білудің, оның іс-әрекет етуінің ерекшеліктерін терең ұғынудың, экономиканы ойдағыдай дамыту мақсатымен қаржыны неғұрлым толық пайдаланудың әдістері мен амалдарын көре білудің маңызы зор.

Қаржы экономикалық категориясы қызметінің маңызды жағы қоғамның дамуындағы әлеуметтік-экономикалық процесстерге категорияның механизмі арқылы әсер етудегейімен кері байланыс орнатуы болып табылады. Оның нәтижесінде қаржы ресурстарының көлемі анықтайды.

Экономикалық өмірді демократияландыру экономиканың төменгі буындарының аймақтардың жергілікті басқару органдарының құқықтарымен жауапкершіліктерін кеңейту процесі қаржы қатынастары жүйесін құруға деген мүлдем жаңа көзқарасты, шаруашылық жүргізудің әр түрлі деңгейлеріндегі қаржы ресурстарын пайдаланудың шығын принциптерінен бас тартуды, жеке қаржы базасын дамытуды, өзара

қатынастарды, нормативтік негіздерде реттеуді талап етеді. Осыған орай құлықта экономиканы баржылық тұрақтандыру, халық шаруашылығының тиімділігін арттыруға қаржының әсерін күшейтудің негізгі алғышарты ретінде қозғалыс өндірістің материалдық-заттық және құндық пропорцияларының теңестірілуін қамтамасыз ету жолдары баяндалады.

1. Қаржының мәні, функциялары және рөлі

1.1 Қаржы ұғымы, оның мәні және қажеттілігі

Қозғалыс ұдайы өндіріс процесіндегі сан алуан өзара байланыстар ақша арқылы қауышып, жүзеге асып жатады. Сонымен бірге ақша тауарлар айналысынан бөлектеніп, біршама өз алдына қозғалыс жасайды. Осы

қозғалыстың нәтижесінде біріншіден, мемлекеттің, кәсіпорындардың, фирмалардың және халықтың ақша қорлары құрылады, екіншіден, ақша айналысының өзі түзіледі. Экономикалық қатынастардың айрықша нысаны ретіндегі қаржы ұғымы осы ақша қорларының қозғалысымен тікелей байланысты және ақша нысанындағы қоғамдық өнімді бөлу процесінде пайда болатын экономикалық қатынастардың кең көлемін қамтиды. Қаржы қоғамда нақты өмір сүретін, объективті сипаты мен айрықша қоғамдық арналымы бар өндірістік қатынастарды білдіре отырып, экономикалық категория ретінде көрінеді. Құн категориясының жүйесінде (ақша, баға, несие, пайда, жалақы т.б.) тарихи қалыптасқан экономикалық категория ретінде қаржы белгілі орын алады және өзінің ішкі ерекшеліктерімен ұдайы өндірістегі өзгешелік рөлімен сипатталады.

Қаржы ұғымы мемлекетпен бірге бір уақытта қоғамның таптарға жіктелу кезінде, мемлекеттің дамуы мен оның ресурстарға деген қажеттіктерін қанағаттандыруға байланысты жүйелі тауар- ақша айырбасы жағдайында пайда болып, дамыды.

Қаржы аталымы тұңғыш рет "ақшалай төлем" мағынасымен XII-XV ғасырларда Италияда кең қолданылды. Кейін ол халықаралық дәрежеде таралып кетті және ақша қатынастары жүйесімен, мемлекет өзінің әлеуметтік-экономикалық функцияларын орындауға жұмыссыз қалатын ақша ресурстарын жасаумен байланысты ұғым ретінде қолданыла бастады. Тауар-ақша қатынастарының жалпы қамтуындағы сипатқа ие болып отырған нарықтық экономика жағдайындағы қаржы нақтышы және үздіксіз болып жататын ақша айналымын ақша тасқынын бейнелеп көрсетеді.

Қаржының мәні, оның даму заңдылықтары, тауар-ақша қатынастарының қамту сферасы мен қоғамдық ұдайы өндіріс процесіндегі рөл қоғамның экономикалық құрылысымен, мемлекеттің табиғатымен және функцияларымен айқындалады.

Экономикалық өмірде қоғамның сыртқы көрінісі қоғамдық өндірістегі әр түрлі қатысушының қаражаттарының қозғалысы түрінде бейнеленеді.

Құбылыстарда бұл құбылыстар нақты ақшамен немесе нақты ақшасыз есеп айырысу түрінде көрінеді. Алайда ақшаның кез-келген қозғалысы қаржы операциясына жаңа бермейді, өйткені ақша түрлі экономикалық категориялардың бағаның, еңбекке ақы төлеудің, қаржының, несиенің көмегімен болатын қоғамдық өнімнің барлық құнының қозғалысын қауыптырады. Тікелей қаржы операцияларына мыналарды жатқызуға болады: кәсіпорынның, фирманың бір-бірімен нақты ақшасыз жасасатын есеп айырулары; негізгі капиталға жұмсалатын амортизациялық соманы есептеу; пайданы бөлу және кәсіпорындарда, фирмаларда ішкі шаруашылық арналымының қорларын қалыптастыру; мемлекеттік бюджеттің кірістеріне салық төлемдерін аудару; қайырымдылық қорларына қаражаттар төлеу; экспортталатын тауарлар үшін кеден баждарын төлеу және тағы басқа операциялар.

Қаржының қажеттігі тауар-ақша қатынастарының бөлудімен байланысты. Тауар өндірісі мен дамыған нарықтық айырбас кезінде өндіріп, оны бөлу екі нысанда натуралды-заттық және құндық нысанда жүргізіледі. Қозғалыстың құндық нысаны натуралды-заттық нысандағы өнім қозғалысын жүзеге асыратын белгілі ақша қорларын жасау, бөлу және пайдалану арқылы болады. Ақша қорлары қозғалысының процесінде пайда болатын ақша қатынастары, экономикалық қатынастар қаржының мәнін құрайды. Бұдан қаржыны өндірістің объективті түрдегі қажеттілігі категориясы деп айтуға болады.

Алайда, қаржы ақша қатынастарының бүкіл жиынтығын қамтиды деп санау дұрыс болмас еді. Ақша қатынастары жалпы алғанда қаржыдан келіп қаржы тек, ақша қорларының қозғалысымен байланысты болатын ақша қатынастарын ғана қамтиды. Басқа ақша қатынастары қаржы шеңберінен шығып кетеді. Қаржы қатынастарының жиынтығына, мысалы, шаруындардың барлық түрлерін ақшалай есепке алу мен оларға бақылау жасау, өндіріспен өнімді ақша нысанында өлшеу, өзіндік құнды калькуляциялау және өнімнің бағасын анықтау, ақшалай түсімді есепке алу мен сақтау, ақша айналасын

реттеу және басқалары кірмейді. Сауда жүйесі арқылы тауарларды сатып алу және сату (тіпті мемлекет бөлшек сауда бағаларын реттеп отырған жағдайда да) кезінде пайда болатын ақша қатынастарында да қаржыға жатқызуға болмайды. Себебі мемлекет бұл жерде ақша қатынастарын азаматтық-құқықтық әдіспен реттеп отырады. Ақша қатынастарымен бірігіп кеткен субъектілердің теңдігі (олардың құқықтары мен міндеттеріндегі тең-теңдік) бұл әдіске тең өзгеше нышан болып табылады. Сонымен бірге қалыптасқан ақша қатынасының қаржылық емес, өзіндік өзгешелігі болады.

Қаржы- бұл ең алдымен белгілі категория. Қаржының пайда болып, іс-әрекет етуінің айтарлықтай дәрежеде қоғамдық өнімді бөлу стадиясында көрінетіндігі көпшілікке мәлім. Мұнда қоғамдық өнімнің құны мақсаты арналым мен шаруашылық жүргізуші субъектілер бойынша бөлінеді, олардың әрқайсысы өзінің үлесін алуға тиіс қаржының қатысуынсыз қоғамдық өнімнің жеке бөліктерге бөлінуі мүмкін емес. Қаржы қоғамдық өнімді жасау мен пайдалану арасындағы ажырағысыз байланыстырушы буын.

Жалпықоғамдық өнім мен ұлттық табысты жасау, бөлу және қайта бөлу процесінде қалыптаса отырып, қаржы қоғамның тұтынып пайдалануға жіберетін материалдық ресурстар бөлігінің ақшалай көрінісі болып табылады.

Қаржының қажеттігі қоғамдық дамудың қажеттіліктерін қанағаттандырып отыруға байланысты оның басты арналымы- табыстар мен ақшалай қорларды жасау арқылы мемлекет пен шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаражаттарға деген қажеттіліктерін қамтамасыз ету және қаржы ресурстарын жасауға бақылау жасау.

Қаржының ақшадан мазмұны жағынан да, функциялары жағынан да айырмашылығы бар. **Ақша**- бұл ең алдымен ассоциацияландырылған өндірушілердің еңбек шығындары өлшенетін жалпы эквивалент, ал қаржы- жалпы ішкі өнім мен ұлттық табысты бөлудің экономикалық тетігі, ақша

қорларын жасау мен пайдалануға бақылау жасаудың құралы. Ол өндіруде, бөлуге және тұтынуға бағытал жасайды және объективті сыпатта болады. Қаржы өндірістік қатынастың белгілі бір сферасын білдіреді және базистік категорияға жатады.

Қоғамдық қатынастың иерархиясында ақша қатынастары экономикалық қатынастарға жатады, ал экономикалық қатынастар өз кезегінде қоғамдық қатынастар жүйесінің айқындаушы бөлігі-өндірістік қатынастарға кіреді. Бұдан қаржы қатынастарын өндірістік қатынастардың бір бөлігі деуге болады, яғни олар базистік әрі негізгі қатынастар болып саналады.

Қоғамдық өнімді болу процесі өте күрделі, мұның барысында өндірісте жасалған құн шаруашылық жүргізуші субъектілер арасында, ал олардың әрқайсысында мақсатты арналым бойынша бөлінеді. Осыған байланысты ол түрлі экономикалық категориялардың көмегінен жүзеге асады, бұлардың әрқайсысы ерекше, тап өзіне тән рөлдерді орындайды. Қаржы құндық бөлу процесіне қатыса отырып, баға, жалақы, несие сияқты категорияларымен өзара тығыз байланыста болады және өзара іс-қимыл жасайды. Алайда олардың қатысу өлшемі мен нысандары бірдей емес.

Баға- жұртқа мәлім, тауар құнының ақшалай көрінісі. Ұлттық табыс бөлінгенге дейін тауар сатылуы тиіс. Баға өкілінің иегеріне оны өткізуден түсетін ақшаның мөлшерін алдын-ала анықтайды және одан әрі бөлінетін процестің бастапқы негізі болып саналады. Гиперинфляция жағдайында Қазақстанда баға қатты өсті және бағаның белгішілік функциясы күшейе түсті. Баға сонымен қатар тауарларға деген сұраным мен ұсынымды да реттейді, сөйтіп ұдайы өндіріске, шығынның орнын толтыру(төлеу) қорының мөлшері мен құрылымына, демек табысқа да ықпал жасайды.

Қоғамдық өнім құнын бөлуге несие де қатысады. Әрі қайта белгішілік процестер несиелік қатынастар сферасында ағылып жатады.

Қаржы және несие-өзара байланысты категориялар және күрделі жұмсалым мен айналым қаражаттарын қалыптастырудың көздері болып табылады. Бірге үйлесе отырып олар кәсіпорындардың ақша қорларының

айналым ұлғайтпалы негізде қамтамасыз етеді. Қаржылық әдіспен әдетте шаруашылық органдарының ақшаға деген тұрақты қажеттіліктер негізгі әдіспен уақытша мұқтаждары қанағаттандырылып отырады.

Өзінң материалдық мазмұны жағынан қаржы-бұл мақсатты ақша қорлары, ол жиынтық түрінде елдің қаржы ресурстарын құрайды. Қаржы ресурстары- мемлекеттің, фирманың және мекеменің қарамағындағы ақшалай қаражаттар. Қоғамдық жалпы өнім мен ұлттық табысты арттыру қаржы ресурстары өсуінің басты шарттары болып табылады.

Қаржы мен қаржы ресурстары-бара-бар ұғымдар емес. Қаржы ресурстары өзінше қаржының мәнін анықтамайды, оның ішкі мазмұны мен қоғамдық арналымын анықтайды. Қаржы ғылымы тап мұндай ресурстарды жасау, бөлу және пайдалану негізінде туатын қоғамдық қатынастарды зерделейді; ол қаржы қатынастары дамуының заңдылықтарын зерттейді.

Қаржы ресурстарының құрамындағы оның маңызды екі бөлігін атап айтуға болады:

1) **Мемлекеттік кірістер.** Олар республикалық және жергілікті бюджеттерде шоғырланады. Мемлекеттік кірістер заңды тәртіппен бекітіледі және мемлекеттің функцияларына сәйкес жұмсалады. Салықтар, зайындар және ақша эмиссиясы мемлекеттік кірістерді жұмылдырудың негізгі әдістері болып табылады.

2) **Кәсіпорының, фирманың, ұйымның қаржы ресурстары.** Бұл шаруашылық жүргізуші субъектінің қарамағында болатын және қаржылық міндеттемелерді орындауға, ұдайы өндіріс жөніндегі шығындарды жүзеге асыруға және қызметкерлерді экономикалық ынталандыруға арналған ақшалай табыстар мен түсімдер. Қаржы ресурстарының қалыптасуы меншікті және оған теңестірілген қаражаттар есебінен, қаржы рыногында ресурстарды жұмылдыру және қаржы-банкі жүйесінен қайта бөлу жолымен түсетін түсімдер есебінен жүзеге асырылады. Қаржы ресурстарының алғашқы қалыптасуы кәсіпорындары құрған кезде, жарғылық капитал жасалғанда болады.

Шаруашылықты жүргізудің ұйымдық-құқықтық нысандарына қарап оның көздері мөлшалар болып табылады: акционерлік капитал, кооператив мүшелерінің пай жарналары, салалық қаржы ресурстары (салалық құрылымдар), ұзақ мерзімді несиелік бюджетқаражаттары және басқалары. Жарғылық капиталдың мөлшері өндіріс процесіне инвестицияланған акцизай қаражаттардың негізгі және айналым қаражаттарының көлемін көрсетеді.

1.2 Қаржының функциялары және ролі

Қаржының мәні, іс-әрекет механизмі және рөлі оның функцияларынан айқын көрінеді. Қаржының мәнін толық ашу оның ұғымы мен қажеттілігін ғана емес, сонымен бірге қаржының қоғамдық арналымын, яғни оның функцияларын анықтауды да талап етеді. Функциялардың жиынтығы қаржыны жан-жақты сипаттайды, демек оның мәнін толық ашады. Қаржы негізінен екі функция орындайды, оның бірі қоғамдық өнім мен ұлттық табысты бөлу және қайта бөлумен байланысты болатын қаржының бөлу функциясы болса, екіншісі оның бақылау функциясы.

Қаржының белгішілік функциясының іс-қимылы оның мәнімен жиынтық қоғамдық өнімді, ұлттық табысты және таза табысты бөлумен және қайта бөлумен байланысты қатынастарды қалтамасыз етуден; табыстар мен жиналымдарды қалыптастырудан; ақша қорларын жасаудан туындайды.

Бөлу функциясы қаржы құралдарын қоғамдық өнім мен оның негізгі бөлігі- ұлттық табысты бөлу және қайта бөлу процесінде пайдаланған кезде көрінеді. Бұл функцияны қаржы өнімді өздігінен бөле береді деген мағынада емес, қаржы тек жасалған өнімді бөлуді ғана қауыптырып, жүзеге асырады деп түсіну керек. Өнімнің натуралды-заттық құралын бөлу ақша қорларын бөлу арқылы жасалады. Мәселен, кәсіпорның, фирма және калық арасында ақша қорларын (табыстар мен жиналымдарды) бөлуге сәйкес жасалған натуралды өнімді де бөлінеді.

Қаржы көлемі арқылы бөлу қоғамның жиынтық өнімнің көлемінен мольқтыру қорын (материалдық шығындар мен амортизациялық төлемдер) бөліп тастау, ұлттық табыс есебінен кәсіпорындар мен өндірістік сапа қызметкерлерінің алғашқы табыстарын жасау да қамтиды. Алғашқы табыстардың қалыптасуымен байланысты қаржының белгішілік процесі енді басталады. Табыстардың кейінгі болатын қозғалысы, жоғрыда айтып кеткеніміздей, қайта бөлу деп аталады, ол көбінесе қаржы арқылы жүзеге асады қайта бөлу салалық және аумақтық тұрғыда шаруашылық жүргізуші субъектілер бойынша қоғамдық өнімді бөлшектеудің көптеген процесін қамтиды, мұның нәтижесінде ұдайы өндіріске қатысушының ақша

қаражатына деген әртүрлі мұқтаждары қанағаттандырылып отырады. Шаруашылық жүргізуді субъектілер аясында да, мемлекеттік басқару аясында да ресурстарға деген бұл қажеттілікті қаржысыз қанағаттандыру мүмкін емес. Демек, Бөлу функциясы арқылы қаржы бөлімі бір қоғамдық мұқтаждарды қанағаттандырады. Ұлттық табысты бөлу және қайта бөлуден аударғы нәтижесі оның құрамынан ирлану иррың, тұтыну иррың және резерв(сақтық) қорын бөліп шығару болып табылады. Қоғамдық өнім мен ұлттық табысты алғашқы бөлу кезінде қаржы еңбекке ақы төлеу және баға сияқты экономикалық категориямен тығыз байланыста дамиды. Құйыла бөлу көбінесе қаржы арқылы жүзеге асады.

Кәсіпорындар, фирмалар өздерінің алғашқы табыстарынан салалық және орталықтандырылған ақша ирларына түрлі төлемдер мен аударым жарнасын береді. Мәселен, бюджетке табыс салығын, меншікке салынатын салықты, қосымша құнға салынатын салықты және тағы басқа төлейді. Жалақыға есептелген ақшадан әлеуметтік қамтамасыздандыруға аударылады.

Қаржы ұлттық табыс құрамындағы бастапқы табыстарды да, қалыптастыру мен пайдалануды қауыпштырады. Қаржы көмегімен ұлттық табысты бөлу екі әдіспен жүзеге асырылады:

1.Қаржылық-бюджеттік әдіс. Ол бюджетке табыстарды алғанда және бюджеттен қаражаттарды қайтарусыз тәртіппен бергенде қолданылады

2.Неснелік-банктік әдіс. Ол уақытша басы бос ресурстарды жұмылдыруды және қайтарылымдық негізде неснелер беруді білдіреді.

Қоғамдық өнімді құндық бөлудің процесі мемлекет белгілеген қаржы құралдарының қалыпттардың (нормалардың), ставкалардың, тарифтердің, аударымдардың және тағы басқа көмегімен жүзеге асырылуы мүмкін. Ұлттық табысты қаржы көмегімен жүзеге асырылуы мүмкін. Ұлттық

табысты қаржы көмегімен қайта бөлудің негізгі мақсаттары мыналар болып табылады:

- өндірістік емес саланы қаржы ресурстарымен қамтамасыз ету; Бұл салада ұлттық табыс жасалмайтыны белгілі;
- елдің және экономикалық аймақтарының арасында қаржы ресурстарын ұтымды түрде сала ішінде бөлу, ол кәсіпорындардың және күрделі жұмысшылардың құбылмалы тиімділігімен ынталандырып отырады.

Сөйтіп, ұлттық табысты қаржы көмегімен бөлу және қайта бөлу іс-шараларымен кәсіпорының, фирманың материалдық және ақша ресурстарын ұдайы өндірудегі қажетті мөлшерлестігімен қамтамасыз етеді.

Белгілілік функциямен қатар қаржы бақылау функциясын орындайды. Қаржының бақылау функциясы коммерциялық есеп пен маркетинг операцияларын жүзеге асыруға байланысты.

Бақылау функциясы қаржылық бақылауда-жалпы ішкі өнімді тиісті қорларға бөлуге және оларды мақсатты арналымы бойынша жұмсалуға бақылау жасауда көрінеді.

Бақылау функциясы сандық түрде қаржы ресурстарының қозғалысы арқылы жиынтық қозғалыс өнімді бөлуден және қайта бөлуден болатын экономикалық процестерді бейнелейді. Сонымен бірге нақты нысандағы қаржы ресурстарының қозғалысы жиынтық-қоғамдық өнімді құндық бөлу процесіне мемлекет тарапынан бақылау жасаудың негізі болып табылады. Мұндай бақылаусыз экономиканың теңгерімді дамуының қамтамасыз етілуі мүмкін емес.

Қаржының бақылау функциясының экономикалық мағынасын кәсіпорының, фирманың шаруашылық қаржы қызметіне теңгемен бақылау жүргізу. Бұл бақылау материал-еңбек және ақша ресурстарын өнімсіз әрі тиімсіз пайдалануды анықтап қана қоймай, сонымен бірге кәсіпорындарда, фирмаларда өндіріс рентабельдігін арттырудың резервтерін ашуға, өндірістік емес шығындарды болдырмауға мүмкіндік береді.

Қаржы мәселесі жөніндегі заңнамалардың бұтжылмастай сақталуы, мемлекеттік бюджет, басқалардағы қаржы міндеттемелерінің, сондай-ақ кәсіпорындардың, ұйымдардың, фирмалардың есептесу және тәлемдер жөніндегі өзара міндеттемелерінің дер кезінде және толық орындалуын тексеру-қаржылық бақылаудың аса маңызды міндеттерінің бірі.

Ұдайы өндіріс процесіндегі қаржының бақылау функциясының рөлі қаржылық тәртіп арқылы жүзеге асуы және оның жай-күйімен, белгіленген нормалар мен нормативтердің сақталуымен, қаржылық міндеттемелердің орындалуымен байланысты болуы мүмкін.

Қаржылық тәртіп оны бұзушыларға қаржы санкцияларын қолдана отырып мемлекеттік борышты сақтауға негізделген.

Қаржының бақылау функциясы қаржы органдарының сан қырлы қызметі арқылы жүзеге асырылады. Қаржы жүйесі мен салық службасының қызметкерлері қаржылық бақылауды қаржыны жоспарлау процесінде, бюджет жүйесінің кіріс және шығыс бөлігінің атқарылуы кезінде жүзеге асырады. Нарықтық қатынастардың дамуы жағдайында бақылау жұмысының бағыттары, қаржылық бақылаудың нысандары мен әдістері айтарлықтай өзгереді.

Қазіргі кезде қаржылық бақылаудың мынандай түрлерін ажыратады:

- қаржылық-шаруашылық бақылау. Оны фирмалардың, кәсіпорындардың, бірлестіктің, министрліктер мен ведомстволардың қаржы органдары ақша қорларын бөлу жолымен жүргізеді. Ұдайы өндірістің бүкіл барысына өнімді ақша төлеуге осылайша ықпал жасады. Қаржылық бақылаудың бұл түрі өндіріс тиімділігін жүйелі арттырып отыруға бағытталған;
- қаржылық-бюджеттік бақылау. Ол кәсіпорындар табысының (пайдасының) бір бөлігін мемлекеттік бюджетке аудару арқылы, сондай-ақ кәсіпорындар мен ұйымдарды қаржыландыру арқылы жүзеге асырылады. Осылайша қаржы жүйесі белгіленген тәлемдердің бюджетке дер кезінде түсуің, сондай-ақ бюджеттік қаражаттардың бизнес-

жоспарлардың немесе қаржылық қаржының орындалуына қарай берілген бақылайды.

- **неснелік-банктік бақылау.** Ол фирмалар мен кәсіпорындарды несиелеу арқылы жүргізіледі. Бұл жағдайда қаржының бақылау функциясы несиелеудің мерзімділігі, қайтарымдылығы, ақшылығы қағидаттарынан көрінеді. Бақылаудың бұл түрі банк арқылы өтетін ақшалай есептеудің (өнім, жұмыс, қызметтер үшін) жүйесі арқылы жүргізіледі.

Қаржының функциялары туралы мәселе осы кезге дейін пікірталас тудыруда.

Қазіргі уақытта қаржының белгілілік және ұдайы өндірістік тәрізді екі тұжырымды танылып отыр. Бірінші тұжырымның жақтаушылары қаржы қоғамдық өндірістің екінші сатысында – ақша нысанындағы қоғамдық өнімнің құнын бөлу процесінде пайда болады, қаржының белгілілік сипаты оның іс-әрекет етуінде ерекшелігін көрсетеді деп санайды. Бұл тұжырымға сәйкес қаржы екі функция орындайды:

- бөлу
- бақылау

Бөлу функциясының көмегімен қоғамдық жалпы өнім мен оның аса маңызды бөлігі - ұлттық табыс. Сондай-ақ ұлттық байлықтың бір бөлігі (мысалы, айналым қаражаттарын алып тастағанда, мемлекеттің мүлкіті сату операцияларында) бөлінеді.

Ұдайы өндірістің тұжырымның жақтаушылары қаржы-бір стадияның емес, жалпы алғанда ұдайы өндірістің категориясы деп санайды және қаржыға мына функцияларды береді: ақшалай табыстар мен қорларды қалыптастыру; ақшалай табыстар мен қорларды пайдалану; бақылау функциясы. Қаржы көмегімен мемлекет өзінің иелігіне материалды өндіріс сферасында жасалған қоғамдық жыныстық өнім құнынның бір бөлігін алады. Бұл процесс қаржының бірінші функциясын-ақша қорларын (табыстарды) қалыптастыру арқылы жүзеге асады, бұл өзінің нақты түрдегі практикалық көрінісін, ең алдымен, мемлекеттің салық саясатында табады. Нәтижесінде

қоғамда дәйекті түрде сан алуан қорлар орталықтандырылған (мемлекеттік бюджет), мақсатты қорлар және тағы басқа қалыптасады.

Ақша қорларын (табыстарды) нақты пайдалану қаржының екінші функциясы арқылы жүзеге асады, оның заттық мазмұны негізінен мемлекеттің шығындары салатын жүргізгенде көрінеді. Ақша қорларының (табыстардың) қаражатты қайта бөлу жолымен мемлекеттік аппаратты ұстауға, ұжымдық өндірістің ұтымды әрі тиімді құрылымын жасап, қолдауға, материалдық жағынан аз қамтылғандары қолдауды қамтамасыз етуге және т.с.с. Сөйтіп, бөлу процесі ақша қорларын қалыптастыру және пайдалану арқылы бөлу экономикалық қатынастардың бір түрі болып табылатын қаржы қатынастарының пайда болуына себепші болады.

Қаржының бақылау функциясын барлық ғылыми тұжырымдардың өкілдері мойындайды. Қаржының бұл функциясы экономикалық категория ретінде қаржыға тән қасиет және қаржының не бірінші, не екінші функциясымен бір мезгілде жүзеге асады. Бақылау функциясы мазмұнының нақтылы көрінісі мемлекеттің қаржы саясатын жүргізетін қаржы органдары қызметінің барысында іске асады.

Қаржы негосекономикалық қалудың тиімді арақатынасын белгілеуде, ұдайы өндірістің заттық және құндық элементтерінің тепе-теңдігіне жетуге, өндіріс тиімділігін арттыруда маңызды рөл атқарады.

Қаржының экономикалық рөлі мына бағыттардан көрінеді:

- қаржы капиталдың айналымын тездетіп отырып кәсіпорындардың, фирмалардың өндірістік қызметі тиімділігінің өсуіне жағдай жасайды;
- кірістер мен шығыстарды ұдайы салыстырып отыру арқылы қаржы кәсіпорындардың, фирмалардың коммерциялық есебін нығайтып, дамытады;
- қаржы ақша қорларын бөлу және қайта бөлу арқылы экономикалық өсудің ара қатынасын қамтамасыз етеді;
- қаржы ұлттық табыстарға қорлану мен тұтыну қорларының үйлесуі тиімділігін арттырудың экономикалық негізін жасайды;

- қаржы ұлттық экономикада меншіктің сан алуан нысандарының және шаруашылық жүргізудің нысандарының дамуына мүмкіндік жасайды.

Сонымен бірге қаржы оптималды ұлттық шаруашылық араныңасын қамтамасыз етуде белсенді рөл атқарады. Олардың көмегімен экономикалық және әлеуметтік дамудың индикативтік жоспарының басты элементтерінің өзара теңдестірілуіне қол жетеді; қаржы тұтқаларын жоспарлы пайдалану қоғамдық ұдайы өндіріске қаржының ынталандырғыш рөлін күшейтуге арналған негізгі қаржылық көрсеткіштерді мемлекетке орталықтандыра отырып анықтауға жағдай жасайды.

2. Қазақстан Республикасының қаржы жүйесі

2.1 Қаржы жүйесі мен құрылымының ұғымы, сфералары мен бұйымдары.

Қаржы жүйесінің ұғымы қаржы ұғымының одан әрі дамуы және нақтылана түсуі болып табылады. Бұрын атап көрсетілгендей, қаржы ақша қатынастарын білдіреді. Алайды қаржының әр сферасында бұл қатынастар түрліше көрінеді, олардың өзіндік өзгешелігі болады.

Біртұтас қаржы жүйесі - өзінің мәні жағынан мынадай түрлі ұғымдарды білдіру үшін қолданылатын аталымда бір-бірімен өзара байланысты қаржы қатынастарының жиынтығы, оларға қаржы мекемелері мен салық службаларының барлық құрылымдық бөлімдері жатады.

Демек, жалпы қаржы жүйесі бұл-мемлекет мен кәсіпорындарыдың ортамынқандықпен және ортамынқандықпен ақша қорларын құру және пайдалану процесіндегі қаржы қатынастарының ақшаланған, бірақ өзара байланысқан әртүрлі сфералары мен бұйымдарының, сондай-ақ оларды ұйымдастыратын қаржы органдарының жиынтығы.

Қазақстан Республикасында макро және микроэкономиканың қаржы жүйесін реттегіп отыратын қаржы қатынастары мен ақша ресурстарының жиынтығы және оларды жұмылдыруды, ұлттық шаруашылықты қаржыландыру мен несиелеуге байланысты бөлуді жүзеге асыраты қаржы мекемелері құрайды.

Қаржы жүйесі анықтамасының бұл қағидалы үлгісіне сәйкес қаржы жүйесі мынадай үш бөлікті қамтиды:

- қаржы қатынастарының жиынтығы;
- ақша қорларының жиынтығы;
- басқарудың қаржы аппараты.

Қаржы қатынастары өзінің экономикалық табиғаты жөнінен бөлімшілік қатынастар болып табылады, оның үстіне құнды бөлу ең алдымен субъектілер бойынша жүзеге асырылады. Сондықтан қожалық өндірістегі субъектілердің рөлі қаржы қатынастары жүйесінің алғашқы объективті

белгісі ретінде көрінеді. Осыған сәйкес қаржы қатынастарының буындарына тең болып келетін тиісі орталықтандырылған және орталықтандырылмаған ақша қорларының жиынтығы қаржы жүйесінің екінші бөлігін құрайды. Бұдан бұрын айтылғандай, қаржының материалдық мазмұны өзінің көрінісін қаржы ресурстарын қалыптастырып, пайдалануда табады, бұл ресурстар бюджет қоры, амортизациялық қор, айналым қаражаттарының қоры, тұтыну қоры, резерв қоры және көптеген ақша қорларын қамтиды.

Қаржы қатынастарының нысандары мен ақша қорлары басқарылатын материалдық объектіні құрайды. Басқарушы субъекті қаржыны басқарудың мемлекеттік және ұйымдық аппаратының жүйесі - қаржы аппараты болып келеді, бұл қаржы жүйесінің үшінші бөлігі болып табылады. Қаржы қызметін ұйымдастыру мен жоспарлау қатынастары буындарының байланысын жетілдірумен айналысатын қаржы аппараты қаржы жүйесінің басқа бөліктерімен қабысып, етене ұштасып жатады. Бұл қаржы жүйесінде өзіндік қатынастардың да, қондырмалық қатынастардың да айырны-үлкенін айқасуын білдіреді. Қаржы өзінің экономикалық табиғаты мен жалпы қағидалы бірлігі жағынан біртұтас. Алайда ұйымның сан алуан қажеттеріне қызмет ететіндігіне байланысты қаржы бірқатар сфералардан тұрады. Нәтижесінде ол өзінің маңызымен бүкіл экономиканы қамтиды. Қаржы қатынастарының сферасы мен буындары өзара тығыз байланыста болады және елдің бірін-бірі қаржы құралын құрайды.

Жалпы қаржы жүйесінің құрамы бұл қаржы қатынастарының әртүрлі сфералары мен буындарының жиынтығы, қатынастардың бұл процесінде түрлі ақша қорлары құрылып, пайдаланады

Сонымен бірге қаржы құрамын мемлекеттің қаржы саясатын жүзеге асыруға қызмет ететін нақтышы қаржы органдары болып табылатын қаржы жүйесімен ажырата білген жөн.

Өзінің ортақ қағидалы біртұтастығына қарамастан, қаржы қатынастарын ұйымдастыру нысандары мен олардың сыртқы көрінісі әртүрлі. Бұл мағынада қаржы құралы туралы айтуға болады.

Жалпы институционалдық тұрғыдан алғанда қаржы жүйесі бұл қаржы мекемелерінің жиынтығы, ал экономикалық тұрғыдан- ол мемлекетке іс-әрекет ететін бір-бірімен өзара байланысты қаржы қатынастарының жиынтығы екені естен шығармаған жөн.

Өзінің тарихи дамуында қаржы жүйесі ұзақ эволюциядан өтті. Қаржы қатынастарының пайда болуы кезінде қаржы жүйесі, жалпыға мәлім әдетте тек бір буынмен- мемлекеттік бюджетпен шектеледі. Классикалық капитализм жағдайында батыстың көптеген өркениетті елдерінің, соның ішінде бұрынғы КСРО-ның қаржы жүйесін екі негізгі буын *мемлекеттік бюджет пен жергілікті қаржылар* құрады. Олар ақша ирларын қалыптастыруға мүмкіндік береді, бұл буындардың көмегімен мемлекет өзінің саяси және экономикалық функцияларын орындап отырады.

Бүгінде Қазақстан қаржы жүйесінің құралы қаржы қатынастарының біршама дербес мына сфераларынан тұрады:

- 1 мемлекеттік бюджет жүйесі;
- 2 мемлекеттік несие;
- 3 жергілікті қаржылар;
- 4 шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржылары;
- 5 халықтың (үй шаруашылығының) қаржысы;

Қаржы қатынастарының алғашқы екі бөлігі *жалпы мемлекеттік* және *орталықтандырылған қаржыларға* жатады және макродеңгейдегі экономика мен әлеуметтік қатынастарды реттеу үшін пайдаланылады. *Шаруашылық жүргізу субъектілердің қаржылары орталықтандырылған қаржыларға* жатады және микродеңгейдегі экономика мен әлеуметтік қатынастарды реттеу мен көтермелеу үшін пайдаланылады.

Жергілікті қаржылар мемлекеттің қаржы жүйесінің маңызды сферасы болып табылады. Жергілікті қаржылардың әлеуметтік рөлі, олардың құралы бүгіндей жеткілікті органдарға жүктелінген функцияларды сипатымен, сондай-ақ мемлекеттің әкімшілік-аумақтық құрылысымен және оның саяси-экономикалық бағытылығымен анықталады.

Халықтың (яғни шаруашылығымыз) қаржысы қаржы жүйесінің ерекше бөлігі болып табылады.

Халық (азаматтар) өзінің ақша қаражаттарымен жалпы мемлекеттік қаржы жүйесімен, өндірістік және өндірістік емес сфералардың мемлекеттік және меншіктің басқа нысандарының кәсіпорындарымен қарым-қатынас жасайды. Бұл сан алуан қатынастар еңбекке ақы төлеумен, материалдық және материалдық емес игіліктердің алумен байланысты: басқа жағынан, халық өзінің ақшалай табысынан салық төлейді, мемлекеттік және мекемелердің, өндірістік емес сфера ұйымдары мен кәсіпорындарының қызметін төлейді. Мұндай қатынастар айырбасқа жататын сауда орындарында, рыноктарда, халыққа қызмет көрсететін кәсіпорындар мен ұйымдарда (көлік, байланыс, тұрмыстық сектор және т.б.) қатыну тауарлары мен қызметтерді сатып алуға байланысты болатынындай қатынастарын қоспағанда, қаржы қатынастары болып табылады.

Сонымен бірге азаматтардың жеке-дара және шағын кәсіпкерліктен айналысумен байланысты бұл сферада көлемді қаржы қатынастары пайда болуда. Мұндай қатынастар шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржылары сферасындағы қатынастарға ұқсас.

Жекеменшік және мемлекеттік кәсіпорындардың қаржылары сферасының бастапқы табыстары, сондай-ақ азаматтардың табысы кез келген мемлекеттік қаржы жүйесі құрамының негізін қалайтынын ескеру керек. Қазақстанның қаржы ресурстарының теңгерімінде қамтып көрсетіледі. Жалпы, қаржылардың бүкіл құрамы екі ірілендірілген бөлікке біріктіріледі:

- 1 мемлекеттік және муниципалды қаржылар
- 2 шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржысы

Аталған сфералардың әрқайсысының ішінде бұғындар бөлінеді, оның үстіне қаржы қатынастарын топтастырып, мақсатты ақша қорларының құрамы мен арналымына белгілі бір әсер ететін субъект қызметінің сымалына қарай жүргізіледі. Бұл белгілі кәсіпорындар мен ұйымдар қаржылары сферасында мынандай бұғындарды бөлуге болады:

коммерциялық кәсіпорындар мен ұйымдардың қаржышыры; коммерциялық емес ұйымдардың қаржышыры; қоғамдық ұйымдардың қаржышыры. Мемлекеттік қаржылар сферасында тиісінше, мемлекеттік бюджетті, мемлекеттік несиені, арнайы қорлар мен резервтерді алуға болады.

Қаржы жүйесінің әр буыны өз кезегінде буыншаларға (ондағы қаржының өзара байланысының ішкі құрылымына сәйкес) бөлінеді. Мәселен, адамдық басымдылығына қарай коммерциялық негізде жұмыс істейтін кәсіпорындардың (ұйымдардың) қаржыларының құрамына өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, сауда, көлік, құрылыс және т.б. кәсіпорындардың қаржышыры, ал мемлекеттік мысалдарына қарай мемлекеттік, кооперативтік, акционерлік, жеке және басқа кәсіпорындардың қаржышыры болып бөлінеді. Мемлекеттік қаржылардың құрамында буындар ішіндегі қаржы қатынастарын талдастыру мемлекеттік басқарудың деңгейіне сәйкес (республикалық, жергілікті) жүзеге асырылады. Сақтық қатынастар сферасында буындардың әрқайсысы сақтандырудың түрлеріне бөлінеді.

2.2. Қаржы жүйесін ұйымдастырудың қағидағтары

Қаржы жүйесін құрудың негізіне мына қағидағтар қойылған: Қаржы жүйесін ұйымдастырудың централизм мен демократизмнің үйлесуі Мемлекеттік қаржы органдары тарапынан болатын орталықтандырылған басшылықпен бір мезгілде жергілікті қаржы органдарына, кәсіпорындары мен ұйымдарына кең құрық пен дербестік берілген.

Бұл қағидағт жергілікті қаржы органдарының тиісті жергілікті әкімшілікке және жоғарғы қаржы органына екі жақты бағынышты жүйесін алдын ала айқындайды.

Кәсіпкерлік секторда қаржы дербестігі анағұрлым толық көрінеді: оның қатысушылары мемлекеттің қаржы жүйесі алдындағы міндеттемелерді орындағаннан кейін қаржы ресурстарын еркін пайдаланады.

Ғылым және аймақтық мүдделерді сақтау. Бұл қағидағт қаржы қатынастарында аймақтық дамытудың қабылдауға болатын деңгейі сияқты ұлттық теңдікті қамтамасыз етуді де талап етеді. Қаржы жүйесін құрудағы оның көрінісі мемлекеттік және әкімшілік – аймақтық құрылымдарға сай келуі. Әрбір облыс, аудан мен қаланың қаржы органдарының жергілікті әкімшіліктің аппараты атқарады. Федеративтік құрылымы бар көпұлтты мемлекеттерде бұл қағидағттың маңызы аса артып отыр.

Қаржы жүйесі бірлігінің қажетті орталық қаржы органдары арқылы мемлекеттің жүргізіліп отырған біріншай мақсаттармен алдың-ала айқындалып отырады. Қаржыларды барлық буындарын басқару біріншай негізгі заңнамалық және нормативтік кесімдерге негізделеді. Қаржы жүйесі бірлігі қаржы ресурстарының басты көздерінің ортақтастығына (бірлігінде), олардың қозғалысының өзара байланыстылығында, қажетті қаржылық көмек көрсету үшін қаражаттарды аймақтар, салалар арасында қайта бөлуде болып отыр. Қаржы жүйесі бірлігінің қажетті экономиканы басқарудың барлық деңгейлерінде жасалатын қаржы жоспарлары мен теңгерімдердің өзара үйлесу жүйесінде нақты көрінісін табады.

Қаржы жүйесінің жеке құрамдағы элементтерінің функционалды арналымының қажетті қаржының әр буыны өз міндеттерін шешіп отыратындығынан көрінеді. Оған айрықша қаржы аппараты сөйзес көреді. Мемлекеттік бюджеттің ресурстарын құрып, пайдалану жөніндегі қаржыны ұйымдастыруды республиканың Қаржы министрлігі жүзеге асырады. Бюджеттен тыс қорлардың (ресурстардың) мақсатты міндеттерін тиісті аппарат анықтайды және шешеді немесе белгілі бір министрліктің және тілгі үкіметтің басқаруына беріледі.

Қазіргі кезде қаржы жүйесі терең өзгерістерге ұшырап, қайта құрылуда. Қаржы жүйесін қайта құрудың басты міндеті оның Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуын тұрақтандырып, одан әрі тездетуге ықпал етуді күшейту, ұлттық табыстың үздіксіз өсуін қамтамасыз ету, өндірістің барлық буындарында шаруашылық-коммерциялық еселгі нығайту болып табылады.

Нарықты қатынастарға көшу барысында қаржы жүйесінің рөлі мен маңызы шартты артады. Қаржы-несие жүйесі-нарықтық механизмдердің неурлыым тиімді жұмыс істейтін секторларының бірі.

Қаржы және ең алдымен бюджет жүйесі жалпы ішкі өнімнің өсуіне және оның басты бөлігі - ұлттық табыста, макро және микроэкономиканың

кәсіпорындарының, фирмаларының және салаларының дамуына және халықтың көптен жігінің қал-аууалына айтарлықтай ықпал жасайды.

Қорытынды

Сырттан қаржы ресурстарын тарту микроэкономикалық кезеңінде де мемлекеттік саясаттың басты бағыттарының бірі болып қала береді. Өйткені ішкі қаражат қорларының жеткіліксіздігі әлде де болса еліміздің экономикасының өзіндік ерекше сипаты болып табылады. Сондықтан да үкіметіміздің жаңағындай ел экономикасын дамыту кепілдіктерін іздестіру және соларды іске қосуға тапшылық жасауы уақыт талабынан туындаған заңды құбылыс саналады.

Тәуелсіздік жарияланған сөттен бергі алты-жеті жыл мерзім ішінде республика аралығы проблеманы шешу орайында бірқатар елеулі қадамдар жасады. Шаруашылық жүргізу субъектілер жан-жақты қаржы саласымен, оны қорландырумен, жинақталған қорларды бөлумен, одан әрі бірінші және екінші мәрте қайта бөлумен айналысады.

Қаржы қорларын тартуда реттілікті, заңдылықты жолға қоятын заңдар қабылданды. Қазіргі уақытта республика экономикасының түрлі салаларында отызға жуық инвестициялық жобалар іске асырылып жатыр. Қазақстан 1992 жылдан бері көптеген халықаралық қаржы-экономикалық ұйымдардың мүшесі болды, түрлі инвестициялық саммиттерге, несие беруші донор елдердің консультативтік кеңестеріне қатысып келеді. Бұдан басқа, көрмелер өткізіп, өз мүмкіндіктерін де көрсетіп жүр. Бұның өзі инвестициялар әлеміндегі Қазақстанның абырой-беделін көтер түсетіндігіне сөз жоқ.

Пайдаланылған әдебиеттер.

1) "Қаржы - қаражат" 1998ж, №9

2) "Қаржы және теорияның негіздері" С. Құлтыбаев, Балкитов

2) "Қаржы және оны басқару". С. Құлтыбаев

4) "Қаржы-қаражат" 1998ж, №12

5) "Егемен Қазақстан" 1997ж